



## Достық пен құрметке негізделген байланыс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында Еуразиялық үкіметаралық кеңеске және Digital Almaty 2025 цифрлық форумына қатысу үшін Қазақстанға келген Ресейдің Премьер-министрі Михаил Мишустинмен кездесу өткізді.



Суретті түсіреді – А. ДУСЕНБЕКОВ, Е. ЖЫБЕК

Кездесуде екі елдің стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланып, сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы қарым-қатынасты жаңадандыруға баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы достық пен тату көршілікті нығайтуға Михаил Мишустиннің қосқан үлесін жоғары бағалады. Сонымен қатар Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің бытыр 27 қарашада Астанаға жасаған мемлекеттік сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың өзекті екенін атап өтті.

– Елдеріміздің арасындағы байланыс беки түсті.

Бұл мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық саласын қамтиды. Сіздің Астанаға жасаған сапарыңызды жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың маңызды кезеңі ретінде қарастырамыз. Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған сапары барысында Уфада өңіраралық форум табысты өтті. Биыл біз кезекті форумды Қазақстан аумағында, яғни Орал қаласында ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. ынтымақтастықтың осы форматы нәтижелі болады деп ойлаймын, – деді Президент.

Михаил Мишустин мемлекеттер басшылары алға қойған

міндеттерді нақты іске асыруға дайын екенін мәлімдеді.

– Орайлы сәтті пайдалана отырып, Ресей Президенті Владимир Путиннің ыстық ықыласын жеткізгім келеді. Владимир Владимирович бытыр қараша айында Қазақстанға тарихи мемлекеттік сапар жасады дегуе болады. Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз де желтоқсан айында Ресейдің Санкт-Петербург қаласына келдіңіз. Біз үшін өңіраралық форумның берері мол. Ресейдің аймақтары Қазақстанның көптеген облысымен тікелей байланыс орнатқан. Өзіңіз атап

өткендей, бұл форматтың маңызы зор, оның тиімділігін арттыруға барынша қолдау көрсетеміз. Қазақстан – Ресей Федерациясының көршісі әрі одақтасы. Біздің қарым-қатынасымыз достық пен өзара құрметке негізделген, – деді Ресей Үкіметінің төрағасы.

Михаил Мишустин Қасым-Жомарт Тоқаевқа екі елдің үкіметтік делегациялары арасында жүргізілген келіссөздің нәтижесі туралы ақпарат беріп, күн тәртібінің барлық спектрі бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың өзара тиімді ықпалдастықты одан әрі нығайтуға қызмет ететініне тоқталды.

Кездесуде энергетика, өнеркәсіп, көлік инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы мен басқа да салалардағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға баса назар аударылды. Сонымен қатар ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Ресей Президентінің Мәскеудегі Жәністің 80 жылдығына арналған мерекелік іс-шараға шақыруын қабыл алғанын айтты.

## АҚШ Президентіне көңіл айтты

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трампқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонның Рональд Рейган атындағы Ұлттық әуежайы маңында болған ұшақ апатынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алғанын жеткізді.

Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трампқа, қайтыс болған жандардың отбасына және қайғылы оқиғадан зардап шеккен азаматтарға Қазақстан халқының және өзінің атынан көңіл айтты.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына «Ұлттық» мәртебе беру туралы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына «Ұлттық» мәртебе беріледі.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 30 қаңтар № 774

### ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

## Жасанды интеллект: мүдде мен міндет

Қазір әлемдері арасында технологиялық бәсекелестік ерекше қарқын алды. Тіпті үдей түсті. Алайда цифрлық дәуірдің көшіне ілесу оңай емес. Алдымен ол үшін әрбір мемлекет өз даму жолын айқындап алғаны жөн. Мұндай жағдайда жасанды интеллекттің әлеуетін тиімді пайдалануға болады.

Жақында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор. Жасанды интеллектті дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек», деді.

Сондықтан еліміздің технологиялық болашағы жасанды интеллектті қаншалықты игереді – соған байланысты алдағы

уақытта бұл салада қандай өзгерістер орын алады, бәсекеге дайынбыз ба, үкімет қандай қадам жасап жатыр? Осыған қатысты дөңгелек үстел мәжілісін ұйымдастырып, оған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Жасанды интеллект және технологиялар кафедрасының меңгерушісі, ғалым Бибігүл Разахованы, Жасанды интеллект және технологиялар кафедрасының зерттеушісі, PhD Нұрзада Амангелдіні, Ақпараттық және есептеу технологиялары институты бас директорының орынбасары, зертхана меңгерушісі, PhD Өркен Мамырбаевты, IUTN университетінің аға оқытушысы, PhD Нұржан Әбдіразақовты және IT-маманы Мейіржан Әуелханұлын шақырып, өзекті тақырып жөнінде ой бөлістік.

6-7 >

### СҮЙІНІШ!

## Күләш Байсейітованың есімі берілді

Қазақ ұлттық өнер университетіне аты аңызға айналған опера әншісі Күләш Байсейітованың есімі берілді.

Маржан ӘБІШ, «Egemen Qazaqstan»

Еске сала кетейік, оқу орнын қайта атау туралы шешімді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдап, бұл туралы өткен жылы Мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде жариялаған еді.

Мемлекеттік қайта тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін, оқу орнына «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер



Көзіңізге жасаған – Алия МАПАЙ, «EQ»


университеті» атауы ресми түрде берілді.

Бұл маңызды оқиға Күләш Байсейітованың ұлттық

мәдениет пен қазақ өнеріне қосқан зор үлесін айшықтап, оның мол мұрасын жас ұрпаққа дәріптеудің айқын көрінісі болды.

### ӨНДІРІС ӨРІСІ

## Қазақ кілемі – әлемдік нарықта



Қаңтардың 7-10 күндері аралығында «Бал Текстиль» ЖШС алғаш рет еліміздің атынан Түркияда өткен «CFE 2025 Carpet and Flooring Expo» халықаралық көрмесіне қатысып қайтты. Шымкенттегі «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орналасқан кәсіпорын кілем өнімдерін шығарумен айналысады. Халықаралық көрмеде компания тауарларды «Bal Carpet» брендімен таныстырды. Серіктестік басшысы Талғат Ысқақовтың айтуынша, фабрикада 500-ден аса адам тұрақты еңбек етеді.

Әнуар ЖҰМАШБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

«Бал Текстиль» фабрикасы 2013 жылы жұмысын бастап, қысқа уақыт ішінде отандық кілем өндірісінің көшбасшысына

айналып үлгерді. Алғашқы кілемдер сол жылдың қазан айынан бастап шығарыла бастаған. Компания енді аяққа тұрған кезеңде фабрикада небәрі төрт-ақ станок жұмыс істеп тұрған. Бүгінде олардың саны 17-ге жетті.

Арада екі жыл өткен соң 2015 жылы полипропилен жіптерін өндіретін цех іске қосылды. 2023 жылдың нәтижесі бойынша фабрикада жіп өндірісі екі есе артты. Осы күнде кілем тоқу кәсіпорнының өндірістік қуаты жылына 6 млн шаршы метр кілем мен 7 500 тонна полипропилен жібін құрайды. «Бал Текстиль» кілемдері бельгиялық «Van de Wiele» компаниясының заманауи жабдықтарында тоқылады. Кілем тығыздығы 1 шаршы метрге 300 мыңнан 3,6 млн-ға дейінгі түйіндерден тұрады.

3 >

### КЕШЕ КЕШКІСІН...

#### Әр бала Ұлттық қордан 129,4 доллар алады

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 18 жасқа дейінгі әр баланың БЖЗҚ-дағы шотына 129,38 доллар көлеміндегі кезекті қаржы аударылатыны мәлім болды. Барлық қатысушыға төленген жалпы сома – 888,8 млн доллар. 2024 жылдың аясында бағдарламаға қатысушы бала саны – 6 921 035. «Бағдарлама іске қосылған екі жыл ішінде әр балаға жалпы 232,94 доллар жинақталды. 2025 жылғы 31 қаңтарда осы ақпаратты eGov mobile мобильді қосымшасынан және kids.epp.kz сайтынан алуға болады», деп хабарлайды Ұлттық банктің баспасөз қызметі.

### МӘДЕНИЕТ

ТАБИҒАТТЫҢ ТАЛҒАМДЫ ТАРТУЫ

9

### МИРАС

САЯТШЫЛАР САРАЙЫ

10

### ЖАНСАРАЙ

ЖҮРЕГІМНІҢ ҮНІ – СЫРШЫЛДЫҚ ПЕН ШЫНШЫЛДЫҚ

13

## Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 40-бабы 1-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2025 жылғы 30 қаңтардағы №64-НҚ нормативтік қаулысы

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә.Азимова, судьялар А.Қ.Ескендіров, Қ.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, Қ.С.Мусин, Б.М.Нұрмуханов, Е.Ө.Өңғарбаев, Р.А.Подопригора және С.Ф.Ударшев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі Д.Е.Жумабекованың өкілі – адвокат С.В.Сизинцевтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – Заңнама департаментінің директоры Д.А.Сүлейменовтің,

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілі – Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары А.Ж.Алпамыштың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Ж.С.Тасболатовтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.А.Сартаеваның,

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының өкілі – Заңнаманың тиімділігін талдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Д.Б.Тебаевтың,

Парламентаризм институтының өкілі – атқарушы директор А.К.Канатовтың,

Республикалық нотариаттық палатаның өкілі – атқарушы директор Г.О.Рыспекованың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Д.Е.Жумабекованың 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Жер кодексі) 40-бабы 1-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы А.Қ.Ескендіровті және отырысқа қатысушыларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық нормаларына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

#### анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) Жер кодексінің 40-бабы 1-тармағының Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция, Негізгі Заң) 14-бабына, 26-бабының 2-тармағына және 39-бабының 3-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтініш келіп түсті, дау айтылып отырған тармаққа сәйкес жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен ауысуы заң бойынша мұраға ие болу кезінде немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда құқық мирасорында жер пайдалану құқығының туындауын білдіреді.

Өтініштен және оған қоса берілген құжаттардан жұбайы қайтыс болғаннан кейін қалған мұрагерлік мүлікке өтініш берушінің өсиет бойынша мұрагер болып табылатынын түсінуге болады. Нотариус куәландыру өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәліктерге сәйкес мұрагерлік мүлік шаруа қожалығын жүргізуге нысаналы мақсат бар, бөлінетін төрт жер учаскесіне 40 және 49 жыл мерзімге уақытша өтеулі (узақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығының ½ үлесін құрайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – Жоғарғы Сот) азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен шаруа қожалығының талап қояын ішінара қанағаттандыру туралы жаза шешім шығарыла отырып, жергілікті соттардың сот актілерінің күші жойылған. Жоғарғы Сот даулы жер учаскелерін шаруа қожалығына жергілікті атқарушы орган берген, демек, осы учаскелерге жер пайдалану құқығы оның мүшелеріне тиесілі деп көрсеткен. Өтініш субъектісі өсиет бойынша мұрагер болып табылады және шаруа қожалығының құрамына кірмейді, сәйкесінше сот Жер кодексінің 40-бабы 1-тармағының ережелері негізінде өтініш берушіне жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен ауысуы мүмкін емес деп тұжырым жасаған.

Өтініш субъектісінің пікірінше, мұндай шектеу жеке құқықтың негізгі қағидаларының біріне – «заңмен тікелей тыйым салынағаннан бөріне рұқсат етіледі» дегенге сәйкес келмейді. Бұл шектеу жер пайдалану құқығын мұрагерлерге заң бойынша да, өсиет бойынша да беру мүмкіндігін көзделетін 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) (бұдан әрі – АҚ) және Жер кодексінің басқа нормаларының түсіндірмесімен үйлеспейді және Конституция нормаларына тікелей қайшы келеді.

Конституциялық Сот «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабының 1-тармағына және 50-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтардың өтініштері бойынша өздерінің Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің және өтініште көрсетілген бөлігінде ғана конституциялылығын тексеретінін атап өтеді. Тіпсініне, аталған құқық нормасы заң бойынша мұраға ие болу кезінде жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен ауысуы бойынша ғана тексеруге жатады.

Қаралып отырған Жер кодексі ережесінің конституциялықлығын тексеру кезінде өтініш нысанасына қатысты Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттің меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін (Конституцияның 6-бабы).

Бұған дейін конституциялық бақылау органы Конституцияның 6-бабының 2 және 3-тармақтарына, 61-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларына ресми түсіндірме бере отырып, меншіктің құқықтық режимі, меншік иесінің өз құқықтарын жүзеге асыруының көлемі мен шегі заңмен регламенттеледі деп көрсеткен болатын. Конституциялық ережелер, бұл ережелерге негізделген заңдармен және заңи күші жағынан олармен тең заң актілерімен

реттелетін Қазақстан Республикасындағы жер құқығы қатынастарының жалпы міндетті бастауларын белгілейді (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 3 қарашадағы №19/2 және 2000 жылғы 13 сәуірдегі №2/2 нормативтік қаулылары).

Адам құқықтары мен бостандықтары әркіме тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, Конституцияға сәйкес оларға кепілдік беріледі, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (Конституцияның 12-бабының 1 және 2-тармақтары).

Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған кез келген мүлік және меншігінде ұстай алады. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі (Негізгі Заңның 26-бабының 1 және 2-тармақтары).

Конституцияның 26-бабының 2-тармағында көзделген мұрагерлік құқығы бір жағынан – мұра қалдырушыға өз мүлік жақын адамдарына, оның ішінде өсиет арқылы қалдыру мүмкіндігіне кепілдікті, ал екінші жағынан мұрагерлердің мұраны қабылдау және өзі қабылдаған меншік иесі немесе өзге деленуші өкілеттігін жүзеге асыру құқығын қамтиды. Осылайша мұрагерлік институты арқылы мұра қалдырушының, оның кредиторлары мен мұрагерлерінің мүдделері қорғалады, адамның иемденген мүлікке билік ету жөніндегі тірі кезіндегі ерік-қалауы іске асырылады, отбасылық қатынастарды сақтау және дамыту, азаматтық айналымдағы құқықтық айқындылық қамтамасыз етіледі. Мұрагерлік құқығын іске асыру тәртібі, оны жүзеге асыру көлемі мен шегі, құқықтық қорғау кепілдіктері заңдарда айқындалады. Бұл құқық Негізгі Заңның 39-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес ешбір жағдайда да шектелуге жатпайды.

2. Жер кодексінің 6-бабының 4-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының жер, экология, орман, су заңнамасында, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, жер учаскелерін иелену, пайдалану және оларға билік ету, сондай-ақ олармен мәміле жасасу бойынша мүліктік қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

Мемлекеттік меншіктегі жерден жер учаскелері тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін. Жер пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Жер кодексі ережелеріне немесе заттық құқықтың мәніне қайшы келмейтіндіктен, оған меншік құқығы туралы нормалар қолданылады. Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз алынатын болуы мүмкін. Жер кодексі және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген негіздерден басқа реттерде ешкімді де жер пайдалану құқығынан айырма болмайды (Жер кодексінің 27-бабының 2) тармақшасы, 28 және 29-баптары).

АҚ нормаларында да жер пайдалану құқығы заттық құқықтарға жатқызылған. Жер учаскесін жер пайдалану құқығымен иеленетін адам өзінің құқықтарын тануды талап етуге, мүлікті (жер учаскесін) өзгенің заңсыз иеленуінен, оның ішінде адал алушыдан талап етіп алдыруға, меншік иесінің әрекеттерінен өзінің иелену құқығын қорғауға және өз құқықтарының бұзылуы иеліктен айырумен ұштаспаса, оларды бұзудың қандайын болса да жоюды талап етуге құқылы (195-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы, 259 – 261, 264 және 265-баптар).

Жер пайдалану құқығы: жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылатын, 1) жер пайдалану құқығын мемлекеттік органдар актілерінің негізінде табыстау, 2) жер пайдалану құқығын азаматтық-құқықтық мәмілелер нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерде беру, 3) жер пайдалану құқығының мұраға ие болу немесе заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен ауысуы арқылы туындайды (Жер кодексінің 31 – 33 және 40-баптары).

Жер кодексінің 40-бабы 1 және 2-тармақтарының ережелеріне сәйкес жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен ауысуы заң бойынша мұраға ие болу кезінде немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда құқық мирасорында жер пайдалану құқығының туындауын білдіреді. Жер учаскесіне узақ мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы бар азамат қайтыс болған жағдайда, жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен мұраға қалдырылады. Егер уақытша жер пайдалану шартында өзгеше көзделмесе, қысқа мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы да осындай тәртіппен мұраға қалдырылады.

Құқықтық мирасорлық – құқықтар мен міндеттердің бір құқық субъектісінен екіншісіне ауысуы, бұл заң ережелеріне де, азаматтық-құқықтық шарт тараптарының келісіміне де сәйкес жүзеге асырылады. Әмбебап құқықтық мирасорлық кезінде құқықтар мен міндеттердің (мұрагерлік немесе міндетті) барлығы бір адамнан (құқық берушіден) басқа адамға – барлық құқықтық қатынаста өзінің алдындағы құқық иесінің орнын басытын құқық мирасорына толық көлемде ауысады, бұған құқықтық мирасорлыққа заңмен жол берілмейтін құқықтық қатынастар кірмейді (АҚ-нің 116-бабының 4-тармағы және 1040-бабының 2-тармағы).

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында әмбебап құқықтық мирасорлық жеке тұлғаларға қатысты – мұрагерлік кезінде және заңды тұлғаларға қатысты – олар қайта ұйымдастырылған жағдайда жүзеге асырылады (АҚ-нің 45 – 48-баптары, 116-бабының 1-тармағы, 323-бабының 1-тармағы, 344-бабының 1) тармақшасы, 965-бабы, 1038-бабының 2-тармағы және 1081-бабы, Жер кодексінің 22-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы және 40-бабының 1-тармағы).

Мұрагерлік қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) – мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуын білдіреді. Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқықтық мирасорлық шарттарымен, егер АҚ-нің 6-бөлімінің (мұрагерлік құқық туралы) ережелерінен өзгеше тұындамаса, бір тұтық нәрсе ретінде және сол мезгілде ауысады (АҚ-нің 1038-бабының 1 және 2-тармақтары).

Жоғарғы Соттың «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 29 маусымдағы №5 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – ЖС НҚ) 34-тармағында түсіндіріліп откендей, әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен мұрагерлерге мұрагерлік мүлік, мұра қалдырушының мүліктік және жеке иеленген мүліктегі емес құқықтары ғана емес, оның міндеттері де ауысады. Сондықтан АҚ-нің 1081-бабына сәйкес мұраны қабылдап алған мұрагерлер мұра қалдырушының міндеттемелері бойынша әрбір мұрагерге ауысқан

мүлік құнының шегінде ортақтас борышкерлер ретінде жауап береді. Мұраны мұрагерлік трансмиссия тәртібімен қабылдап алған мұрагер мұра қалдырушының қарыздары бойынша оған тиесілі болған осы мүліктің құны шегінде жауап береді және өзіне мұраны қабылдау құқығы ауысқан мұрагердің қарыздары бойынша осы мүлікпен жауап бермейді.

Мұрагерлік өсиет және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады. Азаматтың қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде ерік білдіруі өсиет деп танылады (АҚ-нің 1039 және 1046-баптары). Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраны тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ АҚ-де белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады.

Мұра құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуымен қолданылуы тоқтамалытын құқықтары мен міндеттері кіреді. Мұра құрамына мұра қалдырушының мүліктік құқықтарын ресімдеу үшін қажетті, тірі кезінде ресімделмеген құқықтар да, оның ішінде оларды тіркеу құқығы да кіруі мүмкін (АҚ-нің 1040-бабының 1-тармағы және 1041-бабы). Жер пайдалану құқығы меншік құқығымен қатар заттық құқықтарға жатқызылған, бұл оны басқа мүлікпен бірдей жалпы негіздерде мұра құрамына және мұрагерлікке қосуды білдіреді.

Мұрагерлік құқықтарды іске асырған кезде заңда мұрагерлік түріне қарай мұрагерлік массаның жеке иеленген құрамдас бөліктерінің ауысуы бойынша айырмашылықтар белгіленбейді.

Заң шығарушы мұрагерлік негіздерінің екі түрін: өсиет және заң бойынша деп белгілеп, АҚ нормаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың өз мүлікке билік ету жөнінде тірі кезінде өз еркімен ерік білдіруіне негізделген өсиет бойынша мұрагерлікті басым деп айқындады.

Егер мұра қалдырушы бүкіл мұраның емес, мүліктің бір бөлігін тағдырын айқындаған болса, онда мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігі мұрагерлер арасында заң бойынша бөлінеді. Осы мұрагерлердің қатарына мүліктің басқа бөлігі өсиет арқылы қалдырылған заң бойынша мұрагерлер де кіреді (АҚ-нің 1049-бабы). Мұра қалдырушының көмектеге толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ оның еңбекке жарамсыз жұбайы мен ата-анасы, өсиеттің мазмұнына қарамастан, заң бойынша мұраға ие болу кезінде олардың әрқайсысына тиесілі болатын үлесінің (міндетті үлес) кемінде жартысын мұраға алады. (АҚ-нің 1069-бабының 1-тармағы). Мұрагерлік туралы ережелердің өзге де ерекшеліктері АҚ-нің 6-бөлімімен реттеледі.

3. Жер учаскелері шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер Жер кодексінің 43-1-бабының 1-2-тармағында өзгеше көзделмесе, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Жер учаскесіне мұндай құқық берілген кезде жергілікті атқарушы органның шешімінде осы шаруа немесе фермер қожалығының барлық мүшелері көрсетіледі (Жер кодексінің 101-бабының 1 және 8-тармақтары).

Тұлғалардың дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдаланумен, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады. Шаруа немесе фермер қожалығы: 1) кәсіпкерлік қызмет ортақ бірлескен меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы; 2) өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығы; 3) бірлескен қызмет туралы шарт негізінде ортақ үлестік меншік базасында жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы нысандарында болуы мүмкін. Шаруа немесе фермер қожалығы ерікті негізде құрылады және жер учаскесіне құқық мемлекеттік тіркелген кезден бастап, ал Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, дара кәсіпкер ретінде тіркелгеннен кейін құрылды деп есептеледі (2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – КК) 41 және 44-баптары).

Әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған шаруа және фермер қожалықтары мен олардың мүшелері меншігінің құқықтық режимінде құқықтық айырмашылықтар мен өз ерекшеліктері болады (КК-нің 46-бабы және АҚ-нің 224-бабы).

Шаруа қожалығының мүлкі, егер оның мүшелерінің арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, оларға бірлескен меншік құқығымен тиесілі болады. Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығының мүлкі оның мүшелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады. Өзіндік кәсіпкерлікке негізделген фермер қожалығының мүлкі кәсіпкерге жеке меншік құқығымен тиесілі болады.

Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің мүліктік қатынастары Қазақстан Республикасының азаматтық және жер заңнамасының тиісті нормаларымен реттеледі.

Шаруа немесе фермер қожалығының қызметін тоқтату негіздері туындаған кезде (егер қожалық қызметін жалғастырығын келетін бірде бір қожалық мүшесі, мұрагер немесе басқа адам қалмаса, банкрот болған және жер учаскесіне жеке меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайларда) ортақ мүлікті бірлескен меншікке қатысушылар арасында бөлу, сондай-ақ олардың біреуінің үлесін бөліп беру қатысушылардың әрқайсысының ортақ мүлік құқығындағы үлесі алдын ала айқындалған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін. Үлестік меншіктегі мүлік оған қатысушылар арасындағы келісім бойынша өздерінің арасында бөлінуі мүмкін. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің бірі одан шыққан кезде қожалыққа тиесілі өндіріс құралдары бөлінуге жатпайды. Қожалық құрамынан шыққан қатысушының осы мүлікке ортақ меншіктегі үлесіне мөлшерлес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар (КК-нің 49-бабы, АҚ-нің 218, 221 және 225-баптары).

Екі немесе бірнеше тұлғаның ортақ бірлескен немесе үлестік меншігіндегі немесе олардың ортақ жер пайдалануындағы жер учаскесінің құқықтық жағдайы мен бөлінуінің ерекшеліктері Жер кодексінің 53 – 60-баптарының ережелерінде де реттеледі.

Шаруа немесе фермер қожалығының мүлкі және жер учаскесіне құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мұраға қалдырылады (КК-нің 46-бабының 5-тармағы).

АҚ-нің 1082-бабында шаруа немесе фермер қожалығының мүшесі қайтыс болғаннан кейін қалған мүлікті мұраға қалдырудың құқықтық ерекшелігі белгіленген: мұрагерлердің осы мүлікке ортақ меншіктегі өз үлестеріне мөлшерлес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

ЖС НҚ-ның 29-тармағында соттарға мұрагерлік туралы заңнаманы қолдану туралы қосымша түсіндіру

(осы қожалық түрінің ұйымдық-құқықтық нысанында мүліктік құқықтарды құқықтық реттеу ерекшеліктері ескеріле отырып) берілген: жалпы ережеден АҚ-нің 1082-бабының ережелерін алып тастау туралы, оған сәйкес мұра қалдырушының өзіндік кәсіпкерлігіне негізделген фермер қожалығының мүлкіне мұраның ашылуын қоспағанда, мұрагерлердің осы мүлікке ортақ меншіктегі өз үлестеріне мөлшерлес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Егер шаруа немесе фермер қожалығын құру туралы шартта осындай қожалық мүшелігіне мұрагерлерді қабылдау көзделсе, онда шаруа немесе фермер қожалығы жалпы жиналысы мүшелерінің келісімімен осындай қожалықтың қайтыс болған мүшесінің мұрагері мұрагерлік үлесі шегінде мүшелікке қабылдануы мүмкін. Шаруа немесе фермер қожалығының мүлкі осындай қожалық қызметі тоқтатылған жағдайда ғана мұрагерлері арасында бөлінуі мүмкін.

Осылайша шаруа немесе фермер қожалығының мүшесі болып табылмайтын, жер учаскесіне меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы бар мұрагердің осы қожалықтың мүлкі мұрагерлікке алуы: 1) мұра қалдырушының өзіндік кәсіпкерлігіне негізделген фермер қожалығының мүлкіне мұра ағылған не 2) қожалықтың жалпы жиналысы мүшелерінің келісімімен мұрагер мұрагерлік үлесі шегінде қожалық мүшелігіне қабылданған жағдайларда ғана мүмкін. Басқа жағдайларда мұрагерлердің осы мүлікке ортақ меншіктегі өз үлестеріне мөлшерлес ақшалай өтемақы алуға ғана құқығы бар.

4. Конституция адамдардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін, осы құқықтарды мемлекеттің тең қорғауын және әркімнің заң алдында жауапкершілігі бірдей екендігін белгілейді (14-баптың 1-тармағы). Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-баптың 2-тармағы).

Конституциялық Сот 2023 жылғы 14 шілдедегі №21-НҚ нормативтік қаулысында «Конституцияның 14-бабының 1-тармағында кепілдік берілген заң мен сот алдында жұрттың бірі тең деген қабылданатын заңдарда адамдардың құқықтарында объективті және ақылға қонымды негіздемесі жоқ айырмашылықтар белгіленбейді дегенді білдіреді. Тең жағдайлар кезінде құқық субъектілері тең құқықтық жағдайда болуға тиіс. Конституциялық-құқықтық мақсаттарды көздемейтін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу шегі мәселесіне өзгеше көзқарас Конституцияның 39-бабына қайшы келетін болады» деп көрсетті.

Жер кодексінің дау айтылып отырған нормасы аталған конституциялық ережелерге сәйкес келмейді. Жер кодексінің өзара байланысты бірқатар нормаларына салыстырмалы талдау жүргізіп, Конституциялық Сот мұра қалдырушылар мен мұрагерлер құқықтарындағы теңсіздікті, мұрагерлік түріне қарай (өсиет немесе заң бойынша) оларды іске асыру кезінде кемсітушіліктің орын алуын атап өтеді.

Заң шығарушы Жер кодексінің 22-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында және 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында «мұраға қалдыру» дефинициясын мұраға қалдыру негіздері бойынша айырмашылықтар белгілемей, меншік құқығы мен жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасорлық тәртібімен ауысу негізі ретінде дәл пайдаланса, осы Кодекстің 40-бабы 1-тармағының ережелерінде құқық мирасорында жер пайдалану құқығының туындауы «заң бойынша» ғана мұраға ие болумен шектесіледі. Бұдан мұра қалдырушының өсиетке көрсеткен жер пайдалану құқығына билік ету жөніндегі ерік-қалауы іске асырылмай қалатыны, ал өсиетте көрсетілген мұрагерлер өзіне қалдырылған мұраны қабылдай алмайтыны шығады, бұл да Негізгі Заңның 26-бабының 2-тармағында бекітілген мұрагерлік құқығын бұзады.

Конституциялық Сот Конституциядағы мұрагерлік құқығын іске асыру тәртібін құқықтық реттеу мұрагерлік негіздеріндегі теңдікті мұрагерліктің әмбебап құқықтық мир